

## **2024 ЖЫЛҒЫ СУ ТАСУЫ КЕЗЕҢІНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ**

Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 3%-ды құрайды (1-қосымша). Қар жамылғысы негізінен Шығыс Қазақстан, Абай, Жамбыл, Түркістан, Алматы мен Жетісу облыстарының жыраларында, орманды және таулы аймақтарында сақталған.

Синоптикалық болжамға сәйкес **20-26 сәуірде** Қазақстан аумағының басым бөлігінде ауа райының тұрақсыз сипаты сақталады, тек кей күндері жауын шашынсыз ауа райы болжанады.

Жаңбыр жауады, кезеңнің басы мен ортасында Шығыс Қазақстан облысында, кезең аяғында Қазақстанның солтүстік-батысында, солтүстігінде, орталығында, Абай облысында түнгі сағаттарда жаңбыр қарға ұласады (20, 22-24 сәуірде Шығыс Қазақстан облысында, 25-26 сәуірде Қостанай, Павлодар облыстарында, 25 сәуірде Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Абай облыстарында).

**Қатты жаңбыр** 23, 25 сәуірде Жамбыл облысында, 26 сәуірде Түркістан, Алматы, Жетісу облыстарында жауады деп болжануда.

Еліміздің батысында түнде 12-18 градус жылыдан 4-12 градус жылыға дейін, күндіз 27-32 градус жылыдан 18-25 градус жылыға дейін, солтүстік-батысында, солтүстігінде түнде 3-13 градус жылыдан 2 градус аяз-5 градус жылыға дейін, күндіз 20-30 градус жылыдан 10-20 градус жылыға дейін, оңтүстігінде түнде 10-19 градус жылыдан 8-13 градус жылыға дейін, күндіз 28-33 градус жылыдан 23-28 градус жылыға дейін, оңтүстік-шығыста түнде 5-15 градус жылыдан 0-8 градус жылыға дейін, күндіз 20-30 градус жылыдан 17-25 градус жылыға дейін, орталықта түнде 2-12 градус жылыдан 0-8 градус жылыға дейін ауа температурасының біртіндеп төмендеуі, күндіз 15-23 градус жылыдан 17-25 градус жылыға дейін аздаған ауытқуы күтіледі.

Еліміздің оңтүстік-шығысында түнде ауа температурасы түнде 13-18 градус жылыдан 10-15 градус жылыға дейін, күндіз 27-32 градус жылыдан 23-28 градус жылыға дейін, шығысында түнде 3 градус аяз-5 градус жылыдан 0-8 градус аязға дейін, күндіз 14-22 градус жылыдан 7-15 градус жылыға дейін ауытқуы болжанады.

### **Жазық өзендер.**

Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Ақтөбе облыстарында **су тасуының шыңы өтті.**

Ресей Федерациясының аумағынан судың келуіне байланысты Батыс Қазақстан облысының Жайық өзенінде **су тасуының екінші толқыны** өтуде.

Ақмола облысының өзендерінде көктемгі су тасуы шыңдары өтті, Нұра және Есіл өзендеріндегі су деңгейінің одан әрі ауытқуы өзендердің жоғарғы ағысынан судың келуіне байланысты күтілуде.

Павлодар облысындағы Ертіс өзенінің одан әрі сулылығы Шүлбі ГЭС жұмыс режимімен айқындалатын болады.

Солтүстік Қазақстан облысында су тасуының 1-ші кезеңі өтті. Аққанбұрлық, Бабықбұрлық, Иманбұрлық өзендерінде, Есіл өзенінің салаларында және Сергеев су

қойм., су деңгейінің төмендеуі бақылануда. Есіл, Қалқұтан, Жабай және Терісаққан өзендерінің (Ақмола облысы) ағын көлемдерінің келіп қосылуынан, Солтүстік Қазақстан облысындағы Есіл өзенінде **су тасуының 2-ші толқыны** өтуде.

2024 жылғы 20-26 сәуір аралығында Есіл және Иманбұрлық өзендері бойынша (Тоқсан би және Иманбұрлық өзендері – Соколовка ауылы тұстамалары бойынша) Сергеев су қоймасына келетін ағын **500-800 млн. м<sup>3</sup>** көлемінде болады деп күтілуде.

### **Таулы өзендер.**

Айта кету керек, егер Қазақстан аумағының жазық бөлігінде су басу қаупі көктемгі су тасуы кезеңінде ғана (наурыз-сәуір) болса, еліміздің таулы бөлігінде (Шығыс Қазақстан, Абай, Жамбыл, Түркістан, Алматы және Жетісу облыстарында) тауларда қар еріп, жауын-шашын мол жауған барлық кезеңде су тасқыны қаупі сақталады.

Сонымен, метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсіп, қауіпті стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеп соғуы мүмкін. Температураның жоғарылауы және қатты жаңбыр жауған жағдайда Қазақстанның оңтүстігіндегі, оңтүстік-шығысындағы және шығысындағы таулы өзендер бойында жоғары еріген қар-жаңбырлы су тасқыны болуы мүмкін.

**Гидрологиялық және метеорологиялық жағдайлар күрт өзгерген жағдайында «Қазгидромет» су тасқыны қаупі туралы алдын ала дауылды ескертумен хабарлайды.**

**Бас директор**

**Д. Алимбаева**

**Бас директордың  
Бірінші орынбасары**

**С. Саиров**


**Гидрология департаментінің директоры**

**А. Ахметов**

**Орындаған**

**С. Ибраев**

# Площадь Республики Казахстан покрытая снегом по данным ДЗЗ на 18 апреля 2024 года - 3%



Регион	Снег, %
Восточно-Казахстанская	51
Алматинская	13
Жетісу	12
Абайская	3
Ақмолинская	2
Северо-Казахстанская	2
Туркестанская	2
Ақтүбинская	0
Атырауская	0
Жамбылская	0
Западно-Казахстанская	0
Карагандинская	0
Костанайская	0
Кызылординская	0
Мангистауская	0
Павлодарская	0
Улытауская	0
по Казахстану	3

**Условные обозначения:**

- нет снега
- водные объекты
- снежный покров
- граница областей
- города

## Прогноз погоды по областям Казахстана на 20-26.04.2024 г.

Области/Дата	20.04	21.04	22.04	23.04	24.04	25.04	26.04	Условные обозначения
Акмолинская	$\frac{+22+27}{+7+12}$ Б/о	$\frac{+23+28 \text{ в} +20}{+5+10}$ Б/о	$\frac{+20+25 \text{ с} +17}{+3+8}$ Д з, ю • до 0,9 мм	$\frac{+15+20 \text{ с} +12}{0,+5}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ з} +25}{0,+5 \text{ в} -3}$ Д з, с •• до 5 мм	$\frac{+17+22 \text{ в} +25}{+5+10}$ з, с, ю •• до 5 мм	$\frac{+15+20 \text{ с} +12}{0,+5}$ Н в ••• до 3 мм Д з •• до 5 мм	• - небольшой дождь •• - дождь ••• - сильный дождь •• R - кратко- временный дождь с грозой * - небольшие осадки ••• - осадки •••• - сильные осадки
Ұлытау	$\frac{+24+29}{+7+12 \text{ ю} +15}$ Б/о	$\frac{+23+28 \text{ в} +20}{+7+12}$ Б/о	$\frac{+23+28 \text{ в} +20}{+7+12}$ Б/о	$\frac{+20+25 \text{ в} +17}{+7+12}$ Б/о	$\frac{+20+25 \text{ з} +17}{+5+10}$ Д з, ю •• до 4 мм	$\frac{+17+22}{+5+10}$ с, в, ю •• до 10 мм	$\frac{+15+20 \text{ ю} +23}{+3+8}$ Д з, с •• до 3 мм	* - небольшие осадки ••• - осадки •••• - сильные осадки
Қарағандиқася	$\frac{+16+21 \text{ ю} +24}{+6+11 \text{ ю} +14}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ ю} +25}{+3+8 \text{ ю} +11}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ ю} +25}{+2+7 \text{ ю} +10}$ Д с, в • до 0,9 мм	$\frac{+15+20 \text{ ю} +23}{0,+5 \text{ ю} +8}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ с в} +14}{-3+2 \text{ ю} +7}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ ю} +25}{+3+8 \text{ ю} +11}$ з, с, ю •• до 14 мм	$\frac{+17+22 \text{ ю} +25}{0,+5 \text{ ю} +8}$ Н в ••• до 2 мм Д з •• до 8 мм	* - небольшие осадки ••• - осадки •••• - сильные осадки
ЗҚО	$\frac{+27+32}{+12+17}$ з • до 0,9 мм	$\frac{+27+32}{+12+17}$ Б/о	$\frac{+27+32}{+12+17}$ з, ю •• до 2 мм	$\frac{+20+25 \text{ в} +28}{+12+17}$ Н з •• до 5 мм Д •• до 7 мм	$\frac{+15+20}{+7+12}$ в пол. •• до 2 мм	$\frac{+18+23}{+4+9}$ Д з, с •• до 5 мм	$\frac{+20+25}{+7+12}$ з, с, в •• до 2 мм	* - небольшой снег ** - снег *** - сильный снег
Атырауқася	$\frac{+27+32}{+13+18}$ Б/о	$\frac{+27+32}{+13+18}$ Б/о	$\frac{+27+32}{+13+18}$ Д з •• до 2 мм	$\frac{+22+27 \text{ в} +30}{+13+18}$ з, с, ю •• до 5 мм	$\frac{+18+23 \text{ с} +15}{+10+15}$ в •• до 3 мм	$\frac{+20+25}{+7+12}$ Д з • до 0,9 мм	$\frac{+22+27 \text{ з} +30}{+10+15}$ Б/о	→ - метель снег ( ) - местами [ ] - в горных, предгорных районах
Мангистауқася	$\frac{+30+35 \text{ с з} +25}{+15+20}$ Б/о	$\frac{+28+33}{+15+20}$ Б/о	$\frac{+27+32 \text{ з} +24}{+15+20}$ Д з, ю •• до 2 мм	$\frac{+23+28}{+13+18}$ с, в •• до 3 мм	$\frac{+23+28}{+10+15}$ Б/о	$\frac{+25+30}{+10+15}$ Б/о	$\frac{+28+33}{+15+20}$ Б/о	↑ → - метель ↓ → - низовая метель
Ақтөбиқася	$\frac{+25+30}{+10+15 \text{ с} +7}$ Б/о	$\frac{+25+30}{+10+15}$ Б/о	$\frac{+25+30}{+10+15}$ Б/о	$\frac{+25+30}{+10+15}$ Б/о	$\frac{+18+23 \text{ ю} +26}{+10+15}$ •• до 7 мм	$\frac{+15+20 \text{ ю} +23}{+3+8}$ в •• до 3 мм	$\frac{+18+23 \text{ ю} +26}{+1+6}$ Д с пол. •• до 5 мм	↑ → - сильная метель ▲ - град
Қостанайқася	$\frac{+23+28}{+8+13}$ Б/о	$\frac{+23+28}{+7+12}$ Д с • до 0,9 мм	$\frac{+20+25 \text{ ю} +28}{+3+8}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ ю} +25}{+1+6 \text{ с в} -2}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ ю} +25}{+1+6 \text{ с в} -2}$ Д з, с •• до 5 мм	$\frac{+15+20}{+1+6}$ Н ••• до 8 мм Д •• до 8 мм	$\frac{+15+20 \text{ с} +12}{-2+3}$ Н в ••• до 4 мм Д •• до 6 мм	≡ - туман ~ - гололед Б/о - без осадков
СҚО	$\frac{+22+27}{+7+12}$ Б/о	$\frac{+22+27}{+5+10}$ Д з, с, в • до 0,9 мм	$\frac{+15+20 \text{ ю з} +23}{+2+7}$ Б/о	$\frac{+10+15 \text{ с} +7}{-2+3}$ Б/о	$\frac{+15+20 \text{ ю з} +23}{+2+7}$ Д з пол. •• до 2 мм	$\frac{+12+17 \text{ ю в} +20}{+2+7}$ •• до 8 мм	$\frac{+10+15 \text{ с} +7}{0,+5}$ Н в ••• до 3 мм Д з, ю •• до 5 мм	R - гроза S - пыльная буря V - шквал
Павлодарқася	$\frac{+13+18}{+3+8}$ Б/о	$\frac{+20+25}{+5+10}$ Б/о	$\frac{+17+22}{+5+10}$ Д з, ю • до 0,9 мм	$\frac{+10+15 \text{ с} +5}{+2+7}$ Б/о	$\frac{+10+15 \text{ с} +5}{0,-5}$ Б/о	$\frac{+15+20}{-2+3}$ Н з пол. •• до 4 мм Д з пол. •• до 2 мм	$\frac{+17+22}{0,+5}$ Н з, с ••• до 6 мм Д з, с •• до 6 мм	Вр. - временами Температура: день, °С ночь, °С
Абай	$\frac{+15+20 \text{ ю} +23}{0,+5 \text{ ю} +8}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ с} +14}{0,+5 \text{ ю} +8}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ с} +14}{0,+5 \text{ с} -3}$ Д з, с, в • до 0,9 мм	$\frac{+15+20 \text{ с} +12}{-2+3 \text{ с} -5}$ Б/о	$\frac{+10+15 \text{ с} +7}{0,-5 \text{ ю} +3}$ Б/о	$\frac{+15+20 \text{ с} +12}{-3+2 \text{ ю} +5}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ с} +14}{0,+5 \text{ ю} +8}$ Н з, с, ю ••• до 5 мм Д з, с, ю •• до 8 мм	с-север ю-юг з-запад в-восток св-северо- восток
ВҚО	$\frac{+14+19 \text{ в} +9}{+1+6 \text{ ю} +10 \text{ в} -2}$ Н и У с, в •• до 0,9 мм	$\frac{+17+22 \text{ в} +13}{-3+2 \text{ с, в} -6}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ в} +13}{0,+5 \text{ с, в} -3}$ Н з, с, ю ••• до 3 мм Д з, с, ю •• до 3 мм	$\frac{+13+18 \text{ в} +10}{-2+3 \text{ с, в} -5}$ Н с, в ••• до 3 мм Д с, в •• до 5 мм	$\frac{+10+15 \text{ в} +7}{0,-5 \text{ в} -8 \text{ ю} +3}$ Н в ••• до 3 мм Д в ••• до 3 мм	$\frac{+13+18 \text{ в} +10}{-3+2 \text{ ю} +6}$ Б/о	$\frac{+17+22 \text{ в} +13}{0,+5 \text{ ю} +8}$ ю, в •• до 10 мм	юв-юго-восток юз-юго-запад сз-северо-запад
Қ-ордиқася	$\frac{+28+33}{+14+19}$ Б/о	$\frac{+28+33}{+14+19}$ Б/о	$\frac{+26+31}{+14+19}$ Б/о	$\frac{+26+31}{+14+19}$ з, ю •• до 7 мм	$\frac{+24+29}{+14+19}$ •• до 10 мм	$\frac{+24+29}{+10+15}$ в •• до 5 мм	$\frac{+24+29}{+8+13}$ Б/о	ц-центр п-побережье пол.-половина

Туркестанская	$\frac{+25+30}{+13+18}$ [+22] +10] Д [••] до 2 мм	$\frac{+26+31}{+13+18}$ [+22] +10] [••] до 3 мм	$\frac{+26+31}{+15+20}$ [+22] +12] Д [••] до 8 мм	$\frac{+26+31}{+15+20}$ [+22] +12] Н [••] до 5 мм Д юз [••] до 8 мм	$\frac{+26+31}{+15+20}$ [+22] +12] ю, з [••] до 6 мм	$\frac{+25+30}{+15+20}$ [+22] +12] ю, з [••] до 6 мм	$\frac{+20+25}{+13+18}$ [+18] +10] •• [•••] до 20 мм	пуст.- пустынных районах зам.-заморозки п. почвы зам.- на поверхности почвы заморозки
Жамбылская	$\frac{+24+29}{+9+14}$ [+20] +5] Д [••] до 2 мм	$\frac{+25+30}{+10+15}$ [+22] +7] [••] до 2 мм	$\frac{+25+30}{+10+15}$ [+22] +7] [••] до 2 мм	$\frac{+25+30}{+12+17}$ [+22] +9] ю [••] до 7 мм Д [•••] до 17 мм	$\frac{+25+30}{+10+15}$ [+22] +7] ю [••] до 4 мм	$\frac{+22+27}{+12+17}$ [+19] +9] •• до 14 мм Д [•••] до 20 мм	$\frac{+18+23}{+10+15}$ [+15] +7] с, ю [••] до 8 мм	
Алматинская	$\frac{+22+27}{+7+12}$ [+12+17] [-3+2] Б/о	$\frac{+23+28}{+7+12}$ [+13+18] +2] Н [••*] до 4 мм Д [••] до 4 мм	$\frac{+23+28}{+7+12}$ [+13+18] +2] Н [••*] до 4 мм Д [••] до 4 мм	$\frac{+23+28}{+7+12}$ [+13+18] +2] Н [••*] до 4 мм Д [••] до 4 мм	$\frac{+23+28}{+7+12}$ [+13+18] +2] с +4 Н [••*] до 4 мм Д [••] до 4 мм	$\frac{+23+28}{+7+12}$ [+13+18] +2] Н з, ю [••] до 10 мм Д •• до 14 мм	$\frac{+20+25}{+7+12}$ [+15] +2] •• ю [•••] до 20 мм	
Жетісу	$\frac{+23+28}{+5+10}$ в [+20] [0°] Б/о	$\frac{+23+28}{+5+10}$ [+20] +2] Б/о	$\frac{+23+28}{+5+10}$ [+20] +2] Д [••] до 3 мм	$\frac{+23+28}{+5+10}$ [+20] +2] Н [••*] до 3 мм Д [••] до 3 мм	$\frac{+20+25}{+3+8}$ с [+17] [-2] Н [••*] до 3 мм Д [••] до 3 мм	$\frac{+20+25}{+5+10}$ с [+17] +2] ц, ю [••] до 11 мм	$\frac{+20+25}{+5+10}$ с [+17] +2] •• ц [•••] до 20 мм	

Директор Гидрометцентра



М. Шмидт